

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Педагогика және психология факультетінің докторанты Н.С. Алпысбаеваның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысы қазіргі педагогикалық ғылымның өзекті және маңызды мәселелерінің бірі – болашақ мұғалімдерді білім беру процесінде оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалануға даярлау мәселесіне арналған. Зерттеудің өзектілігі білім беруді жедел цифрландырумен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлінің артуымен және білім алушыларды заманауи талаптарға сай, сапалы оқытуды қамтамасыз ететін педагогтерде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру маңыздылығымен анықталады.

Осыған орай, қоғамның қазіргі талаптарына сай оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалана алатын бастауыш сынып мұғалімдеріне деген әлеуметтік сұранысы мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан даярлау қажеттілігі туындайды. Докторанттың зерттеу жұмысы осы мәселені шешуге бағытталған.

Зерттеу жұмысының мақсаты, оған қол жеткізуге бағытталған міндеттері, нысаны мен пәні, болжамы, тақырыбына сәйкес келетін әдістер дұрыс әрі нақты айқындалған. Диссертация үш өзара байланысты тараудан тұрады, олардың әрқайсысы зерттелетін мәселені ашып, теориялық және практикалық тұжырымдарды негіздейді.

Зерттеу жұмысындағы үш тарау мен олардың тармақтарының логикалық және мазмұндық тұрғыдан өзара сабақтастықта қарастырылуы жұмыстың ішкі тұтастығын көрсетеді. Жұмыстың бірінші тарауы «интербелсенді оқыту құралдары» ұғымының мәнін анықтауға, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудағы отандық және шетелдік тәжірибе мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдіснамалық тұғырларын негіздеуге арналған. Автор өз зерттеуінде педагогтерді интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлау мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мәнін нақтылаған.

Екінші тарауда білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктерін негіздеп, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындаған, даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың жоғары, орташа және төмен деңгейлерін анықтап, осы негізде құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Әзірленген модель тұтастығымен, элементтерінің логикалық үйлесімділігімен және практикалық қолданылуымен ерекшеленеді.

Үшінші тарау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлау әдістемесіне және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдауға арналған. Тарауда модельдің жүзеге асырылуы,

болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлығын диагностикалау сипатталады.

Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеме мен модельдің тиімділігін растайды.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Автор теориялық білімді, практикалық жаттығуларды және рефлексивті оқыту әдістерін біріктіретін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға бағытталған авторлық оқу бағдарламасын әзірлеп, оқу үдерісіне енгізді. Енгізілген пәннің тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан тексерілген.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың авторлық моделін жасауында көрініс табады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау жүйесі ретінде «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» элективті пәні, оны оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін кешен, «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» атты оқу құралы, әдістемелік нұсқаулық алғаш рет ұсынылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сай орындалғанын айғақтайды.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану студенттердің заманауи талаптарға сәйкес шығармашылық іс-әрекетке қызығушылын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды,

Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде талданған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге сараптама жасалған.

Н.С. Алпысбаева диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында оның тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Баяндау стилі ғылыми, логикалық және дәйекті. Автор зерттелетін материалды меңгергенін, өз ойын дұрыс тұжырымдай алатынын және зерттеу мәселесін түсінетінін көрсетті. Диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындаған, құрылымы мен көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек болып табылады.

Қорытындылай келе, Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын 8D01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Педагогика және психология факультеті,

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор



Г.Н. Жолтаева

